# Еуразиялық экономикалық одақтың "Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламенті туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 121 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың "Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 049/2020) қабылдансын.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың "Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 049/2020) 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері**:

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|
| М. Григорян | И. Петришенко | А. Смайылов | А. Новиков | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2020 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 121 шешімімен
ҚАБЫЛДАНҒАН

## Еуразиялық экономикалық одақтың

## "Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдарға қойылатын талаптар туралы" ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІ

## (ЕАЭО ТР 049/2020)

## I. Қолданылу саласы

1. Осы техникалық регламент жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда), салу (реконструкциялау), пайдалану (қабылдау және пайдалануға енгізу, консервация), кәдеге жарату (жою) кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағында қолдану және орындау үшін міндетті сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолға қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың сәйкестігін бағалау қағидаларын белгілейді.

2. Осы техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісі олардың тармақтарымен бірге атаулы диаметрі қоса алғанда DN 1 400 дейінгі артық қысымы 1,2 -ден қоса алғанда 14 Мпа дейінгі сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған және артық қысымы 1,2-ден қоса алғанда 25 Мпа дейінгі газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолдар болып табылады.

3. Осы техникалық регламент адамның өмірін және (немесе) денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігін және (немесе) саулығын қорғауды, тұтынушыларды адасушылыққа әкеп соқтыратын іс-әрекеттердің алдын алуды, сондай-ақ энергетикалық тиімділік пен ресурс үнемдеуді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

4. Осы техникалық регламенттің талаптары газды тарату және газды тұтыну желілерінің құбыржолдарына, автономды газбен жабдықтау желілерінің және автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларының құбыржолдарына, теңіз құбыржолдарына, кәсіптік және кәсіпаралық құбыржолдарға, жеңіл көмірсутектер мен сұйылтылған көмірсутектердің мол фракциясын тасымалдауға арналған құбыржолдарға, сондай-ақ көмірсутек шикізатын өндіру және (немесе) қайта өңдеу технологиялық процестерін жүзеге асыруға және қамтамасыз етуге арналған құбыржолдарға қолданылмайды.

## II. Негізгі ұғымдар

5. Осы техникалық регламентті қолдану мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"магистралдық құбыржол объектісін пайдалануға беру" – магистралдық құбыржол объектісін мақсатты пайдаланудың басталғанын белгілейтін магистральды құбыржолдың меншік иесі құжатпен ресімдеген оқиға;

"құбырішілік диагностикалау" – бақылауды бұзбайтын тиісті әдістер іске асырылған құбырішілік инспекциялық аспаптарды пайдалана отырып ақаулар және құбыржол қабырғасының ерекшеліктері, дәнекерленген тігістер және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуды қамтамасыз ететін кешенді жұмыстардан тұратын техникалық диагностикалау түрі;

"құбырішілік инспекциялық аспап" – ақаулар және құбыржол қабырғасының ерекшеілктері, дәнекерленген тігістер және олардың орналасқан жері туралы

деректерді бақылау және тіркеу құралдарымен жабдықталған құбыржол ішінде жылжымалы құрылғы;

"газ өлшеу станциясы" – магистралдық құбыржолдың тасымалданатын газ тәрізді көмірсутектердің мөлшері мен олардың физикалық-химиялық көрсеткіштерін өлшеуге арналған объектісі;

"газ тарату станциясы" – магистралдық құбыржолдың тұтынушыларға газ тәрізді көмірсутектерді беру алдында пайдалану параметрлерін реттеуге және қолдауға арналған объектісі;

"компрессорлық станция" – магистралдық құбыржолдың магистралдық құбыржолды пайдаланудың технологиялық режиміне сәйкес газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдау кезінде оған қосылған құбырда қысымды жасауға және ұстап тұруға арналған объектісі;

"магистралдық құбыржолдың объектісін немесе оның бөлігін консервациялау" – магистралдық құбыржолдың объектісін немесе оның бөлігінің оны пайдалануды уақытша тоқтату кезеңінде жұмысқа қабілетті техникалық күйде сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін орындау;

"магистралдық құбыржол объектісін жою" – пайдалануды, демонтаждауды және ( немесе) бөлшектеуді тоқтату бойныша, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату және магистралдық құбыржол объектісі алып жатқан аумақты кейін пайдалануға жарамды қалыпқа келтіру бойынша іс-шаралар кешенін орындау;

"магистралдық құбыржолдың желілік бөлігі" – магистралдық құбыржолдың құбыржолдың өзін, трасса бойындағы электр өткізу желісін, байланыс кабельдік желілері мен құрылыстарын, коррозиядан электрлі химиялық қорғау құрылғыларынан және оны пайдалануды қамтамасыз ететін өзге де құрылыстар мен техникалық құрылғылардан тұратын тасымалданатын сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектердің жылжуына арналған объектісі;

"магистралдық құбыржол" – сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектерді қабылдау пунктерінен тұтынушыларға тапсыру пунктеріне дейін тасымалдауға немесе сұйық көмірсутектерді автомобиль, теміржол немесе су көлігіне ауыстырып тиеуге арналған, магистралдық құбыржол объектілері қызмет көрсету және басқару мақсатында пайдаланатын құрылыстар мен ғимараттарды қоса алғанда конструктивті және технологиялық өзара байланысты объектілерден тұратын бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

"магистралдық құбыржол объектілеріне дейінгі ең аз арақашықтық" – магистралдық құбыржол объектілерін пайдалану процесінде оларды туындауы мүмкін қауіпті факторлардан қорғаудың минималды қажетті деңгейі қамтамасыз етілетін магистальдық құбыржол құрамына енбейтін объектілердің, ғимараттар мен құрылыстардың магистралдық құбыржол объектілеріне ең аз жақындығы;

"сорғы (айдау) станциясы" – магистралдық құбыржолдың сұйық көмірсутектерді тамасылдау технологиялық режимдерінің параметрлерін жобалық құжаттамасында белгіленген мәндер шегінде құбыржолда қысымды жасауға және ұстап тұруға арналған объектісі;

"атаулы диаметр" – мөлшердің ішкі диаметрдің бүтін мәніне дейін дөңгелектелген және өлшемділікті белгілемей миллиметрде көрсетілген сандық белгісі;

"магистралдық құбыржол объектісі" – магистралдық құбыржолдың тиісті ғимараттар, құрылыстар мен техникалық құрылғылар кешенін қамтитын сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдау, технологиялық сақтау, сұйық көмірсутектерді автомобиль, теміржол немесе су көлігіне ауыстырып тиеу процесінде бір немесе өзара байланысты бірнеше технологиялық операцияларды орындауға арналған құрамдас бөлігі;

"сұйық көмірсутектерді ауыстырып тиеу объектісі" – магистралдық құбыржолдың сұйық көмірсутектерді магистралдық құбыржолдың желілік бөлігінен қабылдауға, оларды сақтауға және автомобиль, теміржол немесе су көлігіне ауыстырып тиеуге арналған объектісі;

"күзет аймағы" – магистралдық құбыржол объектілеріне іргелес жатқан, магистралдық құбыржол объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды пайдалануға қажетті жағдайлар жасауға арналған, шегінде оны белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне шектеу қойылатын немесе тыйым салынатын айрықша пайдалану жағдайларындағы аумақ немесе акватория;

"тұтынушы" – магистралдық құбыржолмен сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдау бойынша қызметті алатын тұлға (жүкті жөнелтуші, жүкті алушы);

"магистралдық құбыржол объектісін қабылдау" – магистралдық құбыржол объектісінің аяқталған құрылысы (реконструкциясы) жобалық құжаттамасының магистралдық құбыржол объектісінің пайдалануға беруге дайындығын растайтын осы регламенттің, Одақтың оған қолданылуы таралатын басқа техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау нысаны;

"мұнайды жылыту пункті" – магистралдық құбыржолдың магистралдық құбыржолмен тасымалдау кезінде оның тұтқырлығын төмендету мақсатында айдалатын мұнайды жылытуға арналған объектісі;

"сұйық көмірсутекті қабылдау-тапсыру пункті" – магистралдық құбыржолдың тапсырушы тараптың (немесе оның өкілдерінің) қабылдаушы тарапқа (немесе оның өкілдеріне) тапсыратын сұйық көмірсутектерінің сандық және физикалық-химиялық көрсеткіштерін өлшеуге және есепке алуға арналған объектісі;

"магистралдық құбыржол объектісін жөндеу" – магистралдық құбыржол объектісінің ресурсын және (немесе) пайдалану параметрлерін толықымен немесе ішінара қалпына келтіру бойынша іс-шаралар кешенін орындау;

"магистралдық құбыржолдың меншік иесі" – Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес магистралдық құбыржолға меншік құқығын иеленетін субъект;

"магистралдық құбыржолдың техникалық дәлізі" – тиісті магистралдық құбыржолдардың желілік бөліктеріне немесе осы құбыржолдардың учаскелеріне енетін іргелес күзет аймақтары бар бір бағыттағы кемінде екі құбыржол жүргізілген және сыртқы жағынан магистралдық құбыржолдардың желілік бөліктерінің күзет аймақтарымен шектелген аумақ;

"техникалық диагностикалау" – диагностикалау объектісінің техникалық жағдайын анықтау бойынша жұмыстар кешені;

"техникалық құрылғы" – бірыңғай конструкцияны ұсынатын техникалық элементтер (машиналар, жабдықтар, бөлшектер) жиынтығы;

"магистралдық құбыржолды пайдаланудың технологиялық режимі" – жобалық құжаттамасында көрсетілген мәндер шегінде белгіленетін магистралдық құбыржол бойынша сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдау технологиялық процесінің параметрлері мәндерінің жиынтығы;

"газ тәрізді көмірсутектер" – магистралдық құбыржолмен тасымалдауға дайындалған табиғи жанғыш газдар;

"сұйық көмірсутектер" – магистралдық құбыржолмен тасымалдауға дайындалған мұнай, газды конденсант, автомобиль және авиациялық бензиндері, дезельдік және кеме отыны, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын;

"магистралдық құбыржол меншік иесінің уәкілетті өкілі" – магистралдық құбыржол меншік иесі оның атынан белгілі бір іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін белгілеген Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның аумағында тіркелген заңды тұлға;

"пайдалану құжаттамасы" – магистралдық құбыржол объектілерін пайдалану қиғидаларын, пайдалану параметрлерінің мәндерін белгілейтін, сондай-ақ оларды пайдалану туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жиынтығы;

"магистралдық құбыржолдың пайдалану параметрлері" – жобалық құжаттамада көрсетілген мәндер шектерінде белгіленетін магистралдық құбыржолдың техникалық сипаттамаларының жиынтығы;

"пайдалануды қадағалау" – магистралдық құбыржол объектілерін пайдалану кезінде осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкессіздіктерді анықтауға және жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін орындауды көздейтін сәйкестікті бағалау нысаны;

"магистралдық құбыржолды пайдалану" – соның ішінде техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, техникалық диагностикалауды және жедел-диспетчерлік басқаруды қоса алғанда, пайдалану құжаттамасына сәйкес магистралдық құбыржолдың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызмет;

"пайдаланушы ұйым" – меншік құқығында немесе өзге заңды негізде магистралдық құбыржолды пайдалануды жүзеге асыратын және оны пайдалану қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алатын, магистралдық құбыржолдың қызметін басқару, қызмет көрсету

және оның пайдалану параметрлерін қолдау үшін қажетті персоналмен және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілген Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасын сәйкес құрылған заңды тұлға.

**III. Пайдалануға беру қағидалары**

6. Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумақтарында пайдалануға берілген магистралдық құбыржолдар (магистралдық құбыржолдардың объектілері) осы техникалық регламенттің талаптарына, сондай-ақ оларға қолданылуы таралатын Одақтың басқа техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7. Магистралдық құбыржолды (магистралдық құбыржол объектісін) пайдалануға беру кезінде пайдалану құжаттамасының болуы қамтамасыз етіледі.

Пайдалану құжаттамасын жобалық құжаттама мен техникалық құрылғыларды, машиналар мен жабдықтарды жеткізу жиынтығына енгізілетін құжаттама негізінде пайдаланушы ұйым қалыптастырады.

8. Магистралдық құбыржол объектілерін пайдалануға беру мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

IV. Магистралдық құбыржолдарға қойылатын талаптар

9. Магистралдық құбыржолдың қауіпсіздігі:

а) ғылыми-зерттеу, технологиялық, тәжірибелік-конструкторлық және жобалық-іздестіру жұмыстары кешенін жүзеге асыру және олардың магистралдық құбыржол объектілерінің қауіпсіздігін, пайдалану және энергетикалық тиімділігін арттыруға бағытталған нәтижелерін ендіру, сондай-ақ қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, машиналар, жабдықтар және материалдар;

б) магистралдық құбыржолды пайдаланудың технологиялық режимдерін сақтау, техникалық қызмет көрсетуді, техникалық диагностикалауды өткізу және белгіленген пайдалану параметрлерін ұстап тұру;

в) магистралдық құбыржол объектілерінің олардың қауіпсіздігін, энергетикалық тиімділігін және ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ететін пайдалану параметрлерінің мәндерін анықтау бойынша есептеулерді орындау, олардың нәтижелерін пайдалану;

г) осы техникалық регламенттің VI бөліміне сәйкес магистралдық құбыржолдың сәйкестігін бағалауды жүргізу;

д) № 1 қосымшаға сәйкес шекаралар сипаттамаларына сәйкес күзет аймақтарын белгілеу;

е) технологиялық процестерді басқару жүйелерінің сенімділігін және магистралдық құбыржол объектілерінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

10. Магистралдық құбыржолды жобалау (инженерлік ізденісті қоса алғанда), салу ( реконструкциялау) кезінде:

а) қолданылатын конструктивті, функционалдық-технологиялық және инженерлік-техникалық шешімдерге;

б) қолданылатын техникалық құрылғылардың, жабдықтар мен материалдардың сипаттамаларына;

в) энергетикалық ресурстар шығындарының үлес шамасын сипаттайтын көрсеткіштерге қатысты мүше мемлекеттердің аумақтарындағы қолданыстағы энергетикалық тиімділік және ресурсты үнемдеу талаптары сақталуы тиіс.

11. Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін жобаланған, салынып жатқан немесе реконструкцияланатын объектілерден, ғимараттардан және құрылыстардан магистралдық құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтықты анықтау № 2 қосымшаға сәйкес тәртіпте жүзеге асырылады.

Осы техникалық регламентке № 2 қосымшаға сәйкес анықталған ең аз арақашықтықтар магистралдық құбыржолдарды жобалау кезінде қолданылады.

Осы техникалық регламенттің қолданылу саласына жатпайтын реттеу салаларында ең аз арақашықтықтарды қолдану мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

12. Магистралдық құбыржолдың (бұдан әрі – құбыржол) желілік бөлігіне енетін құбыржолдарды жобалау (инжерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде оларды төсеудің негізгі тәсілі ретінде жерасты төсеуді есептеу қажет.

Құбыржолдарды жерүсті (тіректерде) төсеуге шөлді және таулы аудандардағы жекелеген учаскелерде, батпақты жерлерде, таулы өңдеулерде, көшкіндерде және көп жылдар қатып жатқан топырақты аудандарда, орнықсыз топырақтарда, сондай-ақ табиғи және жасанды кедергілер арқылы өткелдерде рұқсат етіледі және жобалық құжаттамада белгіленеді.

Құбыржолдарды жер бетінде (үйіндіде) төсеуге батпақты жерлердегі жекелеген учаскелерде, сортаң жерлерде, көп жылдар қатып жатқан топырақты аудандарда рұқсат етіледі және жобалық құжаттамада белгіленеді.

13. Құбыржолдың жерасты төсеуден жерүсті немесе жер беті төсеуге ауысу орындарында зақымдануының алдын алатын шаралар көзделуі тиіс.

14. Магистралдық құбыржолдарды елдімекендердің аумақтарында, айрықша қорғалатын табиғи аумақтарда, ауыз сумен қамтамасыз ету көздерінің санитарлық қорғау аймақтарында орналастыру мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Магистралдық құбыржолды жобалау (инженерлік ізденісті қоса алғанда) магистралдық құбыржол объектілерінің беріктігі мен орнықтығына әсер ететін кезінде есептік жүктеме мен ықпал ету, сондай-ақ олардың қолайсыз үйлесуі ескерілуі тиіс. Магистралдық құбыржолдың беріктігі мен орнықтығының есептік схемалары мен есептеу әдістері оның объектілеріне тиісті жүктемелердің ықпал етуінің негізгі ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

16. Құбыржолды жобалау кезінде құбыржолда айдалатын сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектердің ағымын тоқтатуды қамтамасыз ететін құбыржол арматурасын ажырату тораптары көзделуі тиіс.

Құбыржол арматурасн ажырататын аралас тораптар арасындағы арақашықтық жобалық құжаттамада белгіленеді.

17. Сорғы (айдау) станциясын, компрессорлық станцияны, газ тарату станциясын ( соның ішінде тұтынушыны ажырататын құбыржол арматурасы), газды өлшеу станциясын, жерасты газ қоймасын және резервуарлық парктерді ажырататын құбыржол арматурасы қашықтықтан бақылау және басқару құралдарымен жабдықталуы және жергілікті басқарылуы тиіс.

Айдалатын сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектерді құбыржолда және қосу тораптарында жабуға арналған құбыржол арматурасын қашықтықтан бақылау және басқару құралдарымен жабдықтау жобалық құжаттамада айқындалады.

18. Магистралдық құбыржолдың желілік бөлігін жоспарлау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде құбыржолдың бойлық орын ауыстыруын өтеу шаралары көзделуі тиіс.

19. Магистралдық құбыржол объектілері коррозиялық ықпал етуден қорғалуы тиіс.

20. Жерүсті құбыржол тіректерден электрлік оқшаулануы тиіс.

21. Белсенді тектоникалық жарылымдары бар учаскелерге төселетін магистралдық құбыржолды жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде магистралдық құбыржолдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы инженерлік-техникалық шешімдер көзделуі тиіс.

22. Құбыржолды:

а) теміржол және автомобиль жолдарының тоннельдерінде;

б) теміржол және автомобиль көпірлерінде төсеуге жол берілмейді.

23. Магистралдық құбыржол объектілерін жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда), салу (реконструкциялау) кезінде жабайы жануарлардың қоныс аудару жолдарының және олардың тұрақты тіршілік ету орындарының (соның ішінде көбею және қыстау кезеңінде) сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар орындалуы тиіс.

24. Құбыржолдың техникалық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін жобалық құжаттамада құбыржолдың ішкі қуысын тазарту және құбырішілік диагностикалау бойынша инженерлік-техникалық шешімдер көзделуі тиіс.

Құбыржол конструкциясы сұйық көмірсутерді жүйелі айдауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын құбырішілік тазалау, диагностикалау, сондай-ақ бөлгіш құрылғылардың кедергісіз өтуін қамтамасыз етуі және осындай құрылғыларды жіберу ( іске қосу) және қабылдау тораптарымен жабдықталуы тиіс.

25. Құбыржолды суасты бөгеті (суасты өткелі) арқылы төсеуді жоспарлау ( инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде құбыржолды пайдалану процесінде суасты өткелі шекарасында топырақ эрозиясын болдырмау және құбыржолды салу (

реконструкциялау) процесінде желгілікті жердің табиғи рельефі өзгерген жағдайда жағалауды бекіту бойынша инженерлік-техникалық шешімдер көзделуі тиіс.

Топырақ эрозиясын болдырмау бойынша инженерлік-техникалық шешімдер еңістігі 20 проценттен артық жерлерде құбыржол төсеуді жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде де көзделуі тиіс.

26. Құбыржолды суүсті бөгеттері арқылы төсеуді жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде тірек құрылыстарын инженерлік қорғау көзделуі тиіс.

27. Таулы жерлерде және рельефті жерлерді кесіп өтетін аудандарда төселетін магистралдық құбыржолдарды жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде су тасқынының, опырылудың, тас құлаудың, көшкіндердің, қар көшкіндерінің, сел тасқындарының және басқа да қауіпті құбылыстардың ықпал етуінен магистралдық құбыржолдардың орнықтылығын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық шешімдер көзделуі тиіс.

28. Топырағы көп жылдар қатып жатқан аудандарда төселетін магистралдық құбыржолдарды жобалау (инженерлік інденістерді қоса алғанда) кезінде көп жылдар қатып жатқан топырақтың геокриологиялық және физикалық қасиеттерінің өзгеруін азайту бойынша іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аумақты озық ғылыми және инженерлік зерттеулер негізінде геокриологиялық және инженерлік-гидрологиялық тұрғыдан барынша қолайлы учаскелер анықталуы тиіс.

29. Топырағы көп жылдар қатып жатқан аудандарда төселетін магистралдық құбыржолдарды жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде магистралдық құбыржолды пайдаланудың жобалық құжаттамамен белгіленген температуралық режимді және оның қоршаған ортаға температуралық ықпал етуін азайтуды қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық шешімдер көзделуі тиіс.

30. Суық климатты аудандарда сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолды жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда) кезінде жылу оқшаулағыш жүйелерді және (немесе) мұнайды жылыту пункттерін қолдану бойынша шешімдер көзделуі тиіс.

31. Магистралдық құбыржол объектілері жобалық құжаттамаға сәйкес статикалық электрдің ықпал етуінен, тікелей найзағай түсуден және оның қайта қайталануынан қорғау құралдарымен жабдықталуы тиіс.

32. Сорғы (айдау), компрессорлық станциялар және сұйық көмірсутектерді ауыстырып тиеу объектілері 2 тәуелсіз қуат көзінен электр қуатымен, сондай-ақ авариялық электрмен жабдықтау көздерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

33. Магистралдық құбыржол объектілерінде рұқсатсыз кіруден және (немесе) олардың тұтастығы мен қауіпсіздігіне қол сұғудан қорғау бойынша конструктивті және ұйымдастырушылық шешімдер іске асырылуы тиіс.

34. Магистралдық құбыржол объектілерін орналастыру орындары арнайы ескерту және айырым белгілерімен, соның ішінде магистралдық құбыржол объектілерінің күзет аймағы туралы мәліметтерді қамтитын белгілермен белгіленеді.

35. Магистралдық құбыржолдар жобалық құжаттамада белгіленетін авариялар мен оқыс оқиғаларды, оқшаулауды және олардың салдарларын жоюды ескерту құралдарымен жабдықталуы тиіс.

36. Магистралдық құбыржолды не оның объектілерін салу (реконструкциялау) жобалық құжаттамасына өзгерістер енгізу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Магистралдық құбыржол объектілерін салу (реконструкциялау) кезінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және аумақты абаттандыру, қалдықтарды пайдалану бойынша шаралар қабылдануы тиіс.

38. Атаулы диаметрі DN 150 және одан артық сұйық көмірсутектерді және атаулы диаметрі DN 300 және одан артық газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған құбыржолды салу (реконструкциялау) аяқталғаннан кейін, сондай-ақ осындай құбыржол учаскесінің көтеру қабілетін құбырларды ауыстырумен қайта қалпына келтіру үшін жобалық құжаттамаға сәйкес:

а) құбыржолдың ұзындығы 1 000 м және одан артық учаскесінің геометриялық параметрлерін құбырішілік инспекциялау аспабын өткізу арқылы бақылау;

б) құбыржолдың ұзындығы 1 000 м кем учаскесінің геометриялық параметрлерін құрал-аспаптық әдістермен бақылау;

в) құбырішілік диагностикалау:

құбыржолдың ұзындығы 10 000 м және одан артық учаскелерін;

құбыржолдың ұзындығы 10 000 м кем учаскелерін оны жүргізу қажеттілігі жобалық құжаттамада негізделген жағдайда;

г) су беті сабасының ені 10 м артық және тереңдігі 1,5 м артық не тереңдігіне қарамастан су беті сабасының ені 25 м және одан артық өзен немесе су қоймасы арқылы төселген суасты өткелдері учаскелерін құбырішілік диагностикалау;

д) оқшаулау жабындысының жағдайын бақылау жүргізіледі.

39. Салу (реконструкциялау) аяқталғаннан кейін жаңадан жөнделген құбыржолдың төзімділігі сынақтан өткізілуі және саңылаусыздығы тексерілуі тиіс.

Құбыржолды жөндеу кезінде алмастырылатын учаскенің төзімділігі сынақтан өткізілуі және саңылаусыздығы тексерілуі тиіс.

40. Магистралдық құбыржолды пайдалану кезінде:

а) магистралдық құбыржолдың пайдалану параметрлерінің сақталуы;

б) жобалық құжаттамаға сәйкес техникалық диагностикалауды, сұйық немесе газ тәрізді көмірсутектердің және газдың қауіпті концентрациясының ағуын

бақылаудықоса алғанда магистралдық құбыржолдың техникалық жағдайына бақылау жүргізу, сондай-ақ пайдалануды қадағалауды жүргізу;

в) магистралдық құбыржолда ықтимал авариялар мен оқыс оқиғалардың алдын алу бойынша, олардың салдарларын оқшаулау және жою бойынша іс-шаралардың орындалуы;

г) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайларды ескерту бойынша талаптардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың орындалуы;

д) магистралдық құбыржолдың жобалық құжаттамада белгіленген энергия сыйымдылығы және энергетикалық тиімділігі көрсеткіштерінің сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

41. Газды өлшеу станцияларының және сұйық көмірсутектерді қабылдау-өткізу пункттерінің құрамына енетін немесе магистралдық құбыржолдың күзет аймақтарын және оның құрамына енбейтін объектілерден, ғимараттардан және құрылыстардан магистралдық құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтықты анықтау кезінде қолданылатын өлшеу құралдары мен техникалық жүйелер және өлшеу функциялары бар құрылғылар, сондай-ақ өлшеу әдістемелері (әдістері) өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу, соның ішінде мемлекеттік метрологиялық бақылау (қадағалау) объектілері болып табылады және олар аумағында қолданылатын мүше мемлекеттің өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес белгіленген міндетті метрологиялық және техникалық талаптарға және Одақтың өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы құқығына сәйкес келуі тиіс.

42. Магистралдық құбыржолдың күзет аймағында бөгде ұйымдардың (тұлғалардың) магистралдық құбыржол меншік иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің жазбаша рұқсатын алмай жұмыстарды (іс-қимылдарды, іс-шараларды) жүзеге асыруына рұқсат етілмейді.

43. Магистралдық құбыржолға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу, авариялық-қайта қалпына келтурі, авариялық-құтқару жұмыстарын және (немесе) авариялар мен оқыс оқиғалардың салдарларын жою бойынша жұмыстарды жүргізу мақсатында магистралдық құбыржол меншік иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің персоналының магистралдық құбыржолдың күзет аймағына кіруіне, көлік құралдарының енуіне шектеу қоюға тыйым салынады.

44. Магистралдық құбыржолдың күзет аймақтаын пайдалану талаптары және мүдделі тұлғалардың өзара іс-қимыл тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

45. Магистралдық құбыржолды салу (реконструкциялау) жобалық және атқарушылық құжаттамасы, пайдалану құжаттамасы, сондай-ақ авариялар мен оқыс

оқиғаларды тергеп-тексеру материалдары оны пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде магистралдық құбыржол меншік иесінде немесе пайдаланушы ұйымда сақталуы тиіс.

46. Магистралдық құбыржол объектісін немесе оның бөлігін консервациялау бойынша жұмыстарды жобалау және орындау кезінде коррозиядан қорғауды, консерванттың бүлінуінің және ағып кетуінің қалыптасуының алдын алуды, қоршаған ортаны қорғауды, жарылыс қауіпті қоспаның, гидраттардың шекті рұқсат етілген концентрациясының қалыптасуы және консерванттың қатып қалуы ықтималдығын болдырмауды, консервацияланған күйде болған бүкіл мерзім ішінде магистралдық құбыржол объектісіне (оның бөлігіне) бақылауды жүзеге асыруды және қайта іске қосылғаннан кейін магистралдық құбыржол объектісін (оның бөлігін) пайдалануға беруді қамтамасыз ететін шаралар көзделуі тиіс.

47. Магистралдық құбыржол объектісін кәдеге жарату (жою) бойынша жұмыстарды жобалау және орындау кезінде бұзылған топырақ құнарлығын қайта қалпына келтіруді, қалдықтарды кәдеге жаратуды, кәдеге жарату (жою) объектісі ықпал ететін аймақта орналасқан ғимараттар мен құрылыстардың зақымдануының алдын алуды, сондай-ақ жер қойнауы мен су объектілерінің ластануының алдын алуды қамтамасыз ететін шаралар көзделуі тиіс.

## V. Магистралдық құбыржолдың техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

48. Магистралдық құбыржолдың осы техникалық регламентке сәйкестігі оның талаптарын тікелей не халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесіне енгізілген стандарттардың, олар болмаған жағдайда – ерікті негізде қолдану нәтижесінде осы техникалық регламенттің талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың ережелерін орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

49. Зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің әдістері зерттеулердің ( сынақтардың) және өлшемдердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде осы техникалық регламенттің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесіне енгізілген стандарттарда белгіленеді.

## VI. Магистралдық құбыржолдың техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалау

50. Магистралдық құбыржолдың осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалай мынадай нысандарда жүргізіледі:

а) жобалық құжаттамаға сараптама (инженерлік ізденістердің нәтижелерін қоса алғанда) – жобалау кезінде (инженерлік ізденістерді қоса алғанда);

б) құрылысты бақылау (техникалық қадағалау), авторлық және мемлекеттік қадағалау – салу (реконструкциялау) кезінде;

в) қабылдау – салу (реконструкция) аяқталған кезде;

г) пайдалануды бақылау, мемлекеттік бақылау (қадағалау) – пайдалану кезінде;

д) құрылысты бақылау және авторлық қадағалау – кәдеге жарату (жою) кезінде.

51. Магистралдық құбыржолдың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалау нысандарын қолдану тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасымен белгіленеді.

52. Сәйкестікті бағалауды жүргізу кезінде өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу, соның ішінде мемлекеттік метрологиялық бақылау (қадағалау) объектілері болып табылатын және оның аумағында қолданылатын мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген метрологиялық және техникалық талаптарға, сондай-ақ өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың нәтижелерін өзара тану бөлігінде өлшеулердің біртұтастығын қамтамасыз ету саласындағы Одақ органдары актілерінің ережелеріне сәйкес келетін өлшеу құралдары өлшеу әдістемелері (әдістері) қолданылады.

53. Салынуы (реконструкциясы) аяқталған мегистральдық құбыржол объектілері қабылдауға жатады.

54. Салынуы (реконструкциясы) аяқталғаннан кейін магистралдық құбыржолды ( магистралдық құбыржол объектісін) қабылдау мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес толық көлемде де, жекелеген кезекпен де жүзеге асырылады және магистралдық құбыржолды (магистралдық құбыржол объектісін) қабылдау актісін ресімдеумен аяқталады.

55. Магистралдық құбыржол объектісін қабылдау атқарушылық құжаттаманың, сондай-ақ қабылданатын магистралдық құбыржол объектісінің жобалық қжаттамаға және осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растайтын кешенді сынап байқау, техникалық диагностикалау, сынақтан өткізу нәтижелері негізінде жүргізіледі.

56. Параметрлері жобалық құжаттамада белгіленген мәндерге сәйкес келмейтін және магистралдық құбыржол объектісін қабылдау және оны кепілді мерзім ішінде пайдалану процесінде анықталған құрылыс-монтаждық жұмыстардың ақауларын жоюды осы магистралдық құбыржол объектісін салуды (реконструкциялауды) жүзеге асырған құрылыс-монтаждық ұйым жүргізеді.

57. Жобалық құжаттамаға сәйкессіздігі жойылмаған, сондай-ақ аумығында магистралдық құбыржол (магистралдық құбыржол объектісі) орналасқан мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жобалық құжаттамада көрсетілген жұмыстар аяқталмаған магистралдық құбыржолды (магистралдық құбыржол объектісін) қабылдауға және пайдалануға беруге тыйым салынады.

58. Пайдалануды бақылауды пайдаланушы ұйымдар жүргізеді.

## VII. Магистралдық құбыржолды Одақ нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбалау

59. Осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келетін және салу ( реконструкция) аяқталғаннан кейін қабылдау нысанында сәкес бағалау рәсімінен өткен магистралдық құбыржол (магистралдық құбыржол объектісі) Одақ нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады. Одақ нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісі магистралдық құбыржолды (магистралдық құбыржол объектісін) қабылдау актісінің бірінші бетінің сол жақ жоғарғы бөлігіне қойылады.

## VIII. Қорытынды ережелер

60. Осы техникалық регламенттің 12 – 32, 38, 45-тармақтарымен белгіленген талаптар:

а) осы техникалық регламент күшіне енген күнге дейін пайдалануға берілген магистралдық құбыржол объектілеріне;

б) осы техникалық регламент күшіне енген күнге дейін бекітілген немесе мемлекеттік сараптамаға жіберілген жобалық құжаттамаға сәйкес салу ( реконструкциялау) жүзеге асырылып жатқан магистралдық құбыржол объектілеріне;

в) осы техникалық регламент күшіне енген күнге дейін салуға (реконструкциялауға) рұқсат алынған не салуды (реконструкциялауды) бастау туралы хабарлама берілген магистралдық құбыржол объектілеріне қатысты қолданылмайды.

Еуразиялық экономикалық
одақтың "Сұйық және газ тәрізді
көмірсутектерді тасымалдауға
арналған магистралдық
құбыржолдарға қойылатын
талаптар туралы" техникалық
регламентіне
(ЕАЭО ТР 049/2020)
№ 1 ҚОСЫМША

## Магистралдық құбыржолдың

## күзет аймақтарының шекаралары сипаттамаларының

## ТІЗБЕСІ

| Магистралдық құбыржол объектісінің (құрылыстың) атауы | Күзет аймақтары шекараларының сипаттамалары | |
|---|---|---|
| | орналасуы | мөлшері |
| 1. Құбыржол | параллель жазықтықтар арасында жасалған жер учаскесінде | құбыржол осінен әрбір тараптен кемінде 25 м* |
| 2. Бір техникалық дәлізде төселген екі және одан көп құбыржол | параллель жазықтықтар арасында жасалған жер учаскесінде | техникалық дәліздің әрбір тарапынан шеткі құбыржол осінен кемінде 25 м** |

| | | |
|---|---|---|
| 3. Суасты өткелі | параллель жазықтықтар арасында жасалған судың бетінен су түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесінде | әрбір тараптан шеткі құбыржолдар осінен кемінде 100 м*** |
| 4. Сорғы (айдау), компрессорлық, газды тарату, газды өлшеу станциясы, газды салқындату станциясы, магистралдық құбыржолдың сұйық көмірсутектерді ауыстырып тиеу объектісі, магистралдық құбыржол объектілерінің резервуарлық паркі, сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді өлшеу торабы, сұйық көмірсутектерді қабылдау-өткізу пункті, мұнайды жылыту пункті, құю немесе ағызу эстакадасы, газ тәрізді көмірсутектерді жерасты сақтау объектісіндегі компрессорлық станциясы бар алаң | бекітілген желімен шектелген жер учаскесінде | тиісті объекті аумағының шекарасынан барлық бағыттарға кемінде 100 м |
| 5. Конденсатты сақтауға және газсыздандыруға арналған ыдыс, сұйық көмірсутектерді авариялық шығаруға арналған жер қоймасы | бекітілген желімен шектелген жер учаскесінде | көрсетілген объекті аумағының шекарасынан барлық бағыттарға кемінде 50 м |

* Армения Республикасы үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінде құбыржолға арналған күзет аймағының көлемі – құбыржол осінен әрбір тараптан кемінде 15 м.

** Армения Республикасы үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінде бір технологиялық дәлізде төселген екі және одан көп құбыржолдар үшін күзет аймағының көлемі – техникалық дәліздің әрбір тарапынан шеткі құбыржол өсінен кемінде 15 м.

*** Армения Республикасы үшін суасты өткелі үшін күзет аймағының көлемі – әрбір тараптан шеткі құбыржолдардың осінен кемінде 50 м.

Ескерту. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасымен күзет аймақтарының өзге де көлемдерін, бірақ осы тізбеде көрсетілген мәндерден кем емес белгілеуге рұқсат етіледі.

Еуразиялық экономикалық
одақтың "Сұйық және газ тәрізді
көмірсутектерді тасымалдауға
арналған магистралдық
құбыржолдарға қойылатын
талаптар туралы" техникалық
регламентіне
(ЕАЭО ТР 049/2020)
№ 2 ҚОСЫМША

**Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін объектілерден, ғимараттар мен құрылыстардан магистралдық құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтықты белгілеу**

**ТӘРТІБІ**

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумақтарында қолданылады және магистралдық құбыржолдар алып жатқан жер учаскелерінің, іргелес жер учаскелерінің не жоспарланып отырған тұрғынүй-азаматтық және өндірістік мақсаттағы объектілердің, инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің меншік иелері, иелері немесе пайдаланушы болып табылатын мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

2. Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін объектілерден, ғимараттар мен құрылыстардан магистралдық құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтықты мыналарға қатысты қолдану қажет:

а) жеке ғимараттар мен құрылыстар – олардың жақын шығып тұрған бөліктерінен;

б) қалалардың және басқа да елдімекендердің ғимараттары мен құрылыстары – олардың жақын шығып тұрған бөліктерінен;

в) өнеркәсіптік кәсіпорындар, теміржол станциялары, аэродромдар, теңіз және өзен порттары мен айлақтары, теңіз акваториясында орналасқан мұнай-газ ғимараттары, гидротехникалық құрылыстар, жанғыш және жеңіл тұтанғыш материалдардың қоймалары, артезиан ұңғымалары – олардың қоршауларының жақын шығып тұрған бөліктерінен;

г) темір жолдар – құбыржол тарапынан үйінді етегінен немесе ойпаң қуыс жиегінен, бірақ жол тармағы жолағының шекарасынан кемінде 10 м;

д) автомобиль жолдары – үйінді етегінен немесе жер төсемі ойпаң қуысының жиегінен;

е) көпірлер – конустар етегінен.

3. Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін объектілердің құбыржолға жақындығын осы объектілердің сыртқы шекаралары және құбыржолдың осі ( құбыржолдар параллель төселген жағдайда – әрбір құбыржол өсінен) арқылы өтетін тік жазықтықтар арасындағы ең қысқа арақашықтық бойынша анықтау қажет.

4. Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін объектілердің басқа магистралдық құбыржол объектілеріне жақындағын осы объектілердің сыртқы шекаралары арқылы өтетін тік жазықтықтар арасындағы ең қысқа арақашықтық бойынша анықтау қажет.

5. Магистралдық құбыржол құрамына енбейтін басқа объектілерден сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтықты мыналарға қатысты қолдану қажет:

а) жеке ғимараттар мен құрылыстар, қалалар мен басқа да елдімекендердің жеке ғимараттары мен құрылыстары, ұжымдық бақтар, саяжайлар мен коттедж кенттері, жеке өнеркәсіптік кәсіпорындар, мал фермалары, жылыжайлық өсімдік шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және сақтау кәсіпорындары, пайдалы

қазбаларды өндіру карьерлері, 20 бірліктен астам автокөлік құралдарының жабық және ашық тұрақтары, адамдар жаппай шоғырланатын жеке орналасқан ғимараттар ( оқу-тәрбиелік, білім беру, емдеу, емдеу-сауықтыру, сауда, ойын-сауық, вокзалдар және т.б.), тұрғын ғимараттар (3 қабатты және одан жоғары), теміржол станциялары, әуежайлар, теңіз және өзен порттары мен айлақтары, су электр станциялары, теңіз және өзен көлігінің гидротехникалық құрылыстары, сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбыржолға жатпайтын тазалау құрылыстары мен су құбырларының сорғы станциялары, аралығы 20 м артық I және II санатты ортақ желілердің темір жол және автомобиль жолдарының көпірлері (сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған құбыржол ағыс бойынша көпірлерден төмен орналасқан жағдайда), жеңіл тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар мен газдарды қабылдауға, сақтауға, шығаруға және тиеуге арналған объектілер (базалар, қоймалар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, құю пункттері және т.б.), магистралдық құбыржолға жатпайтын діңгектер (мұнаралар) мен көпарналы байланыс желілері құрылыстары, телемұнаралар – 1-кестеде көрсетілгеннен кем емес:

1-кесте

| Құбыржолдың атаулы диаметрі | Құбыржолға дейінгі ең аз арақашықтық, м |
|---|---|
| *DN* 300 және кем | 75 |
| *DN* 300 артық *DN* 500 дейін | 100 |
| *DN* 500 артық *DN* 1 000 дейін | 150 |
| *DN* 1 000 артық *DN* 1 400 дейін | 200 |

